

Құлақтандыру

Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің шетел тілдері факультеті 2015 жылдың 7 ақпаны сағат 11.00-де Жаңаарқа ауданы мектептерінің 11 сынып оқушылары арасында ағылшын тілі бойынша олимпиада ұйымдастырады.

Олимпиада үш кезеңнен тұрады: лексикалық және грамматикалық тест; тыңдап-түсіну; берілген тақырып бойынша әңгіме-сұхбат. Олимпиада аясында мектеп мұғалімдері үшін Білім беру саласында ақпараттық компьютерлік технологияларды қолдану; сандық технологиялар атты тақырыпқа әдістемелік семинар ұйымдастырылады. Семинардың мақсаты: мектеп мұғалімдерінің кәсіби қызметінің тиімділігін арттыруда олардың күзінеті мен күзінетілігін жетілдіру. Семинардың міндеттері: пәндерді оқытуда тыңдаушыларды жаңа сандық технологиялармен таныстыру; оқу үдерісінде жаңа сандық технологияларды тиімді және шығармашылықпен қолдану біліктерін қалыптастыру.

ШЕЛ ТІЛДЕР ФАКУЛЬТЕТІ

Біле жүріңіз...

Миды дамытудың жолдары

Ми адамның санасын басқарып, даналыққа, ғұламалыққа, биік жетістіктерге бастайтын негізгі қор. Мидың күшімен ғылыми жаңалықтар ашылады. Ми үнемі дамып отыруды қажет етеді. Миды қалай жаттықтыруға болатынын ғаламтордан оқып алдым. Жаттықтыру тәсілдері қарапайым екен. Қазір күнделікті осы тәсілдер арқылы мидымды шынықтырып жүрмін. Нәтиже жаман емес. Маған ұнаған жаттығу түрлері сізге де ұнауы мүмкін. Оқысыз ба? Оқыңыз, мен жазайын...

Компьютерлік тышқанды сол қолмен ұстаңыз. Сол қолды белсенді жұмысқа қосқан сәтте, оң мен сол ми жарты шарлары арасындағы нейронды байланыстар жанданады. Екі қолын бірдей қолдана алатын адамдардың ми жарты шарларының арасында жүйке талшықтары 100 %-ға көбірек екенін ғалымдар дәлелдеген. Сол қолыңызды барлық шаруаларда қолдануға тырысыңыз. Кей жағдайларда бұл қиын болуы мүмкін. Тышқан қолдануға қоса сол қолмен тіс жуып, жазып көріңіз.

Еске алыңыз. Кейде теледидардан көрген жұлдыздың есімі, ойнап тұрған әннің атауы тіліміздің ұшында тұрса да, еске ала алмай қаламыз. Бұндай сәттері «Мейлі» демеі, атауды еске алуға тырысыңыз. Қасыңыздағы досыңыздан сұрап, жауабын ғаламтордан іздеңіз. Жауабын тапқанда оны ендігері ойдан шығармауға тырысыңыз. Миды осылайша жаттықтырып, мықты қыласыз. Мәселе тек атаулар мен есімдерде емес, біреудің телефон нөмірін, көлік нөмірін, күндер мен сағатты бір қарағаннан есте сақтауға тырысыңыз.

Логиканы дамытатын ойындар ойнаңыз. Логиканы ойындар қиын математикалық есептер мен басты қатыратын тапсырмалар емес. Судок, сканвордтар мен кроссвордтар, шахмат ойындары миыңызды әлдеқайда дамытады. Бұл мәселеде тұрақтылық маңызды. Сондықтан ойындарды күнделікті әуестікке айналдырыңыз. Мысалға, жұмысқа кіріспес бұрын компьютермен шахмат партиясын ойнауға болады. 15 минут уақыт алатын ойын миыңызды жұмысқа қосып, күніңіздің жемісті болуын қамтамасыз етеді.

P. S.: Әжем кішкентай кезімде балалықпен істеген шала істеріме көңілі толмаса, «басыңда торғайдың мынадай ми жоқ» деп кейітін еді. Әжем айтпақшы, ми-сыз атанудан қорқу керек.

Дайындаған Нұрсұлтан ҚАНАТ, ҚарМУ студенті

Арқадағы алып қала

1934 жылдың 10 ақпанында Қарағанды қала мәртебесін алған болатын. Міне, содан бері талай жыл сырғып өтті. Қойнауы қазынаға толы құтты өлкенің қанатын кенге жайып, дамуына атсалысқан абзал азаматтардың есімі шаһар шежіресіне алтын әріптермен жазылып қалды. Халқының қамын жеп талай жыл талмай ел игілігі үшін қызмет еткен алып тұлғалар жайлы сыр-толғап айту — бізге міндет. Өскелең ұрпақ ұлыларымыздың өмір жолын үлгі тұтып, сабақ алса, жарқын болашаққа деген сеніміміз артар еді.

Қарағандының өндірісіне, білімі мен өнеріне зор үлес қосқан жанның бірі — Ебіней Арыстанұлы Бөкетов. Алып тұлғалы Ебіней аға 1960-1972 жылдары Қарағанды химия-металлургия институтының директоры, 1972-1980 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры болып қызмет атқарды. Ғұлама ғалымның ашқан ғылыми жаңалықтары өндірісті өлке өндірісінің қарыштап дамуына жол ашты. Ғылым мен шығармашылық бір-бірін толықтырып тұратын гажайып әлем екендігін мойындау арқылы ғылымды өмірлік азығына айналдырған талай жанның әдебиетке, өнерге деген сүйіспеншілігін оятты. Академик ағаның асыл қасиеті, ізгі ниеті өзінен кейінгі шәкірттеріне шырайлы нұрағын шашып, өмірге деген құлшыныстарын арттыра түсті. Бүгінгі таңда шәкірттері ұлағатты ұстаз, ақылшы дос бола білген Ебіней ағаның үмітін ақтап, елімізде қажырлы еңбек етуде.

Заң ғылымдарының білгірі, ардагер генерал ұстаз Бәрімбек Сәрсенұлы Бейсеновтың өмір белестері де Қарағанды қаласымен қоса өрілді. Ізгілік іздері сайрап жатыр. Ішкі Істер министрлігінің бұрынғы Қарағанды жоғары мектебі, соның негізінде құрылған Қарағанды заң институты бүгінде «Ішкі Істер министрлігінің Бәрімбек Бейсенов атындағы Заң Академиясы» деп аталады. «Егемен Қазақстан» газетінің журналисі Қорғанбек Аманжолдың «Бай өмірбаян, байтақ ұлағат» дейтін естелік мақаласында абзал жанның гажайып ғұмырбаяны, атқарған ізгілікті істері, еліне деген еселі еңбегі, отанға, қоғамға арналған адал азаматтық бейнесі жан-жақты қамтылған екен. Осы естеліктегі Қарағанды қаласына қатысты бір тұсынан үзінді келтірейік: «...1969 жылдың үскірік аязды, боранды желтоқсанында полковник Бейсенов бір топ серіктерімен Республика Астанасынан көмірлі Қарағандыға келіп жетті. Қарағанды Жоғары мектебінің бастығы қызметіне өзін лайықты деп тапқан Үкіметтегі, министрліктегі жауапты тұлғалардың, Шырақбек Қабилбаевтай шырақты ағалардың үмітін Бөкен ақтап шықты. Мектептің оқу жүйесін ұйымдастырумен бірге жана оқу орны ғимараттарының құрылысын білгірлікпен басқарып жүргізді. Құрылым жобаларын қайта қарап, тиісті өзгерістер енгізді.

Бапкердің ерлігі

Қазақ елі олимпиадаларға, әлем чемпионаттарына, байрақты бәсекелерге қатысып, төрткүл дүниеге Азияның ортасында қазақ деген ұлт бар екенін паш етуде...

Елімізде спортқа деген бетбұрыс жаман емес. Үкіметтің қазақ спортына жасап жатқан қолдауы арқасында мақтанарлық жетістіктерге жеттік. Соңғы болған Лондон олимпиадасында алған жүлделер — сол сіңірген еңбектің жемісі. Қай қалада болсын жас спортшыларды дайындайтын спорт кешендері бар. Олардың мақсаты айқын: Серік Сәпиевтей мықты, елінің намысын қорғайтын олимпиадалық спортшылар дайындап шығару.

Сол олимпиадалық құрамның болашақ спортшыларын дайындап, бар жігерін бапкерлігіне арнап жүрген жанның бірі — Серғазы Кенжебергенұлы Бакиев. Қарағанды қаласының Оңтүстік-Шығысында орналас-

қан Бұхар жырау ауданына қарасты Үштөбе ауылында, аядай ғана спорт залда талай талантты боксшы жастарды дайындап шығарды. Айта кетсек, спорт шебері, жасөспірімдер арасында өткен ел чемпионатының жеңімпазы, халықаралық жарыстардың жүлдегері Шахин Сенім, спорт шебері, жасөспірімдер арасында өткен ел чемпионатының қола жүлдегері, 2008 жылы өткен федерация кубогының иегері, көптеген матчтық кездесулердің жеңімпазы, спартакиаданың қола жүлдегері. Қарағанды қаласы құрамасының мүшесі Ахметов Ақберген, спорт шебері, жасөспірімдер арасында өткен ел чемпионатының қола жүлдегері, спартакиаданың қола жүлдегері, Ресей елінде өткен халықаралық турнирдің жеңімпазы Икрашев Сұғат, спорт шебері, жасөспірімдер арасында өткен ел чемпионатының жеңімпазы, Қарағанды облысының бірнеше дүркін чемпионы, Байрақты турнирлердің жүлдегері Шахин Мәулетбай. Аямай төккен тердің арқасында осындай үлкен жетістіктерге жетті. Әрине бапкердің еңбегі зор.

...Бәрімбек Сәрсенұлымен студенттік шақта бірге оқыған, кейін Қарағанды облысқанының төрағасы болып қанаттас қызмет атқарған Сұлтан Досмағамбетовтың айтуынша, Бөкеннің адами қасиеттері, ұйымдастырушылық қабілеті жас кезінен-ақ байқалыпты. Ол милиция жоғары мектебінің құрылыс кешенін алғашқы қазығынан бастап көтерді. Сол кезде Қарағанды бүкіл Кеңестер Одағының ішкі істер органдары үшін кадрлар даярлады. Мұнда оқуға түсуге алып елдің барлық алыс түпкірлерінен келіп жататын. Ал Бәрімбек Бейсеновтың қызметі Қарағанды заң институты тарихындағы ең басты жарқын беттердің бірі болып қала береді.

Қарағанды мектебінің бастығы қызметін Бәрімбек Сәрсенұлы 16 жыл атқарып, 1985 жылы зейнетке шықты. Бірақ ол істен қалмайды. Тынымсыз азамат Қарағанды мектебінің Алматыдағы филиалында соңғы деміне дейін профессорлық тағалымын жалғастырады, Ішкі Істер министрлігінің Алматыдағы жоғары тергеу мектебінде дәрістер оқыды...

Бөкеннің Қарағанды қаласына зор еңбек сіңіргенін осы естеліктен-ақ көріп, сезуге болады. Қала болып қалыптаса бастаған ірі өндіріс орнына жан-жақтан неше түрлі ұлт өкілдері келіп жатқан күрделі кезеңде ішкі тәртіпті сақтау өте жауапкершілікті қажет етеді. Түрлі қылмыстар мен саяси тұрақтылықты, күнделікті әлеуметтік жағдайлардан туындайтын келенсіздіктерді, басқа да кемшіліктерді қалпына келтіру үшін қоғамдағы тәртіп сақшыларын дайындайтын осынау білім ошағы өзін қалыптастырып, дамытқан алғашқы басшысы Бәрімбек Сәрсенұлы Бейсеновке қашанда қарыздар. Ал Бөкен Қарағанды үшін ардайым қымбат та қастерлі тұлға.

Бар саналы ғұмырын өндірісті қаланың өркендеуіне арнаған үшінші бір үздік тұлға — Сұлтан Қапарұлы Досмағамбетов. Қарағанды қаласының Құрметті азаматы. ҚР Халық ағарту ісінің еңбек сіңірген қызметкері, ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының мүше-корреспонденті, профессор, Халықаралық «Еуразия» Экономикалық академиясының толық мүшесі, «Орталық Қазақстан: табиғаты мен табиғи ресурстары, оқиғалар мен адамдар, реформалармен дамуы» атты танымдық кітаптың авторы. Жалғыз қала емес, Қарағанды облысындағы халыққа білім беру саласының өрлеуі мен дамуына орасан зор үлес қосты. Құрметті азамат, ғұлама ғалым, абыз ақсақалдың ғұмырдеріне азырақ шолу жасасaq: «С.Қ. Досмағамбетовтың басшылығымен және республикалық, одақтық органдармен белсенді ынтымақтастығының нәтижесінде облыстық атқарушы комитетінің төрағасы, облыстық партия комитетінің хатшысы, екінші хатшысы боп қызмет еткен кезеңде Қарағанды педагогикалық институты Қарағанды мемлекеттік университеті болып өзгерді, Одақ орталығының Қарағанды кооператив институты (бүгінде Қазтұтыну одағы Қарағанды экономикалық универси-

теті), КСРО ІІМ жоғары мектебі (бүгінде ҚР ІІМ Қарағанды заң академиясы), Қарағанды дене тәрбиесі институты (кейінде Қарағанды педагогикалық институты болды), сондай-ақ, ҚазКСР Ғылым Академиясының орталық Қазақстандық бөлімі (ҒА ОКБ) және бірқатар ғылыми зерттеу институттары ашылды, жылдам өсіп, табысты дамыды.

Сұлтан Қапарұлы бірінші санатты Қарағанды педагогикалық институтының Қарағанды мемлекеттік университеті болып қайта құрылу мәселесімен алты жыл бойы табанды айналысты. Аталған мәселе бойынша Алматы мен Мәскеуге бірнеше рет барды. Университет үшін 1200 орындық типтік ғимарат мектебінің жоспардан тыс бөлуіне мемлекеттік жоспарда қол жеткізді. Ол Н. В. Гоголь көшесінде бой көтерді», — деп жазылыпты ол кісі жайлы ғұмырбаянда. Сұлтан Қапарұлы өзін замандасы, соғыс және еңбек ардагері М. И. Имашев «Слово о друзьях и близких» деген кітабында: «Сұлтан Қапарұлы — біздің облысымыздың алғашқы басшыларының бірі, соңғы 50 жылда есімде қалған ең қабілетті, ең дайындығы жоғары, ең көрнекті қайраткер. Ол мұны облыстық атқару комитетінің төрағасы болған кездегі 20 жылдық жұмысында көрсетті. Онымен бірге еңбек еткен көптеген қарағандылықтар, оның іскерлік және саяси ұстанымы арқылы ең жоғары лауазымға лайық екеніне сенімді болды», — деп тебірене толғанады.

Ал, академик Ә. С. Сағынов: «Аса құрметті Сұлтан Қапарұлы! Сіз Қарағанды облысының экономикасын, мәдениетін, денсаулық сақтау мен білім беру саласын дамытуда және көтеруде үлкен үлес қостыңыз. Маған сізбен бірге Қарағанды политехникалық институтында, әсіресе оның құрылған кезінде бірлесе жемісті еңбек еткенімді есіме алулық өзі ғанибет» десе, Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев: «Құрметті Сұлтан Қапарұлы! Сіз бедел мен абыройға бөлене отырып, Қарағанды аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін қыруар іс тындырып, мемлекеттік басқару органдарына көптеген жылдар еңбек етіп, үлкен өмірлік жол жүріп өттіңіз», — деп жоғары баға берген.

Сұлтан ағаның Қарағанды қаласы мен облысына сіңірген еңбегі жайлы әлі де талай-талай кітаптар жазылар. Бүгінгі және келер ұрпақ үшін ол кісінің маңдай тері мен еселі еңбегі ұшан-теңіз. «Бір өзі — бір әлем» демекші, Сұлтан ағаның сексенін асуындағы гажайып ғұмыры, ізгілік іздері, өмір откелдері қазіргі таңда аңызға айналып отыр.

Бүгінде Қарағанды қаласы қарыштап дамып, өркендеп өсіп келеді. Келешекте «мегаполис» дейтін заманауи атқа да ие болары сөзсіз. Арқадағы алып қаланың алғашқы қазықтарын қағып, оның ыстық-суығын бастап кешкен, адал еңбектерімен қызмет жасаған осынау текті тұлғалармен, ақыл-парасаты мол абыз ағалармен жақсы араласып, сый-құрметіміз жарасып, талай қызметтес болғанға қуанамыз, мақтаниш тұтамын.

Қайырған БЕКИШЕВ,
ҚарМУ профессоры

Серғазы ағайдың өз дайындау мәнері, өз стратегиясы бар. Кез келген шәкіртпен тіл табысып, оған салатын күш салмақтың мөлшерін де біледі. Күйбең тірліктің барлығын ұмытып, бар зейінін жұмысына арнайды. «Спорт адамның бойын тазартады» дейді бапкер. Жаттығу жұмыстарын жүргізіп жатқанда тәртіпке аса мән береді. Спортшы деген атақты алу үшін боксты ғана емес, футболды, баскетболды, волейболды итере білу керек екенін айтады. Нағыз бапкерлік философия.

Аядай ғана Үштөбеден дарынды боксшыларды шығарған Серғазы Бакиевтің қазақ спортында алар орны бар. Алдағы байрақты бәсекелерде еліміз озық болуы үшін осындай дарынды бапкерлердің көп болуы маңызды.

Кішкентай ғана бокс залында қарапайым бапкер үлкен ерлік жасауда.

Еркі НАРЫНОВ,
филология факультетінің
1 курс студенті